

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті КеАҚ «Асханаға арналған үй-жайларды жалға алу» конкурсын өткізу туралы хабарландыру

"М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" КеАҚ қызметкерлері мен студенттерін тамақтандыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты (тамақтану нүктесінің болуы қажеттілігі), сондай-ақ тұрғын емес үй-жайды жалға беруден табыс алу мақсатында «Асханаға арналған үй-жайды жалға алу» конкурсын өткізу туралы хабарландыру (бұдан әрі-хабарландыру) «М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ Басқармасы 18.12.2024 жылғы «М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының тұрғын және тұрғын емес үй-жайларын жалға беру комиссиясының отырысында №1 хаттамамен бекітілген және тұрғын және тұрғын емес үй-жайларын жалға беру Ережесіне енгізілген өзгерістерге (бұдан әрі - қағидалар) сәйкес әзірленді.

Конкурстың атауы: «Асханаға арналған үй-жайларды жалға алу»

Конкурсты ұйымдастырушының атауы және орналасқан жері: «М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ, Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 5 (бұдан әрі - Конкурсты ұйымдастырушы).

1. Конкурсты өткізу күні, уақыты және орны

Конкурсқа қатысуға әлеуетті жалдаушылардың конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу жөніндегі конкурстық комиссияның отырысы жергілікті уақыт бойынша «15» сағат «00»мин, 2024 жылғы «31» желтоқсан, Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 5 мекенжайы бойынша, Әкімшілік-шаруашылық қызметі жөніндегі департаментінің ғимараты, Мемлекеттік сатып алу және материалдық - техникалық жабдықтау бөлімі.

2. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау және жобаларды таныстыру орны мен мерзімі

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді әлеуетті жалдаушылар (жалға алушылар) немесе сенімхат негізінде конкурсқа қатысуға өтінім беру жөніндегі мүдделерін білдіретін олардың уәкілетті тұлғалары жергілікті уақытпен «15» сағат «00» мин. дейін, 2024 жылғы «31» желтоқсанға дейін мөрленген конвертте мынадай мекенжай бойынша ұсынады: Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 5, Әкімшілік-шаруашылық қызмет жөніндегі департаментінің ғимараты, Мемлекеттік сатып алу және материалдық-техникалық жабдықтау бөлімі.

3. Орналасқан жері мен ауданын қоса алғанда, жалдау объектісінің қысқаша сипаттамасы мен ақпараты

Асханаға арналған үй-жайлар:

Реттік №	ЛОТ №	Өлшем бірлігі	Асхананың жалпы алаңы	Орналасқан жері
1	1-АС	шаршы метр	102,3	Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы, 5, бас оқу ғимараты, 1қабат, №145 бөлме
2	2-АС	шаршы метр	275,34	Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы, 5, №2 оқу ғимараты, 2 қабат, н/ бөлме

3	3-АС	шаршы метр	29,0	Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы, 5, №4 оқу ғимараты, 1 қабат, н/ бөлме
4	4-АС	шаршы метр	42,12	Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы, 5, №4 оқу ғимараты, 2 қабат, н/ бөлме
5	5-АС	шаршы метр	100,0	Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы, 5, №5 оқу ғимараты, 1 қабат, №110 бөлме
6	6-АС	шаршы метр	219,34	Шымкент қ., А.Байтұрсынов көшесі, 64, №7 оқу ғимараты, 1 қабат, н/бөлме
7	7-АС	шаршы метр	318,1	Шымкент қ., Т.Тәжібаев көшесі, 2, №8 оқу ғимараты, 1 қабат, н/бөлме
8	8-АС	шаршы метр	79,75	Шымкент қ., М.Х.Дулати көшесі, 198, №9 оқу ғимараты, 1 қабат, №116 бөлме
9	9-АС	шаршы метр	90,88	Шымкент қ., Қ.Рысқұлбеков көшесі, 1, №13 оқу ғимараты, 1 қабат, н/бөлме
10	10-АС	шаршы метр	66,42	Шымкент қ., С.Жандосов көшесі, 3А, №1 студенттік жатақхана, 1 қабат, н/бөлме
11	11-АС	шаршы метр	123,98	Шымкент қ., М.Х.Дулати көшесі, 198, №5 студенттік жатақхана, 1 қабат, н/бөлме

4. Мүліктік жалдауға берілетін объектіге конкурс өткізу шарттары және таңдау критерийлері

4.1. Комиссия әлеуетті жалдаушылардың өтінімдері бар конверттерді ашуды жүргізеді және белгіленген мерзімде ұсынылған және тіркелген мерзімі аяқталған күні әлеуетті жалдаушылардың өтінімдерінің тиісті журналына өтінімдерді ұсыну.

4.2. Хабарландыруда белгіленген мерзімде объектінің әлеуетті жалдаушылары объектінің техникалық сипаттамасына, спецификациясына сәйкес өзінің бизнес-жобасын презентациялайды. Осыдан кейін комиссия келесі критерийлер бойынша жеңімпазды немесе ең жақсы жобасы бар үміткерлерді анықтайды:

1. қызмет бағасы;
2. жұмыс тәжірибесі;
3. жалға берудің ұсынылатын құны;
4. қала бойынша желінің болуы;
5. студенттерді жұмысқа орналастыру;
6. қосымша қызметтер.

4.3. Байқау жеңімпазы тікелей дауыс беру арқылы анықталады. Жеңімпаз ең көп ұпай жинаған әлеуетті Жалдаушы (Жалға алушы) болып саналады. Комиссия шешімін қабылдау үшін негіз «М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ үшін ең тиімді жалдау шарттары бар әлеуетті жалға алушының (жалға алушының) өтінімі немесе конкурс өткізу туралы хабарландырудың техникалық ерекшелігіне талаптары сәйкес не одан жоғары болғаны болып табылады.

4.4.Егер тең дауыс саны бар әлеуетті жалдаушылардың (жалға алушылардың) арасында бірнеше жеңімпаз анықталған жағдайда, жеңімпаздың конкурстық комиссия төрағасы немесе оны алмастыратын тұлға айқындайды.

5. Конкурса қатысуға өтінімдерді қабылдау мерзімі

Конкурса қатысуға өтінімдерді конкурсты ұйымдастырушы жергілікті уақыт бойынша 2024 жыл «31» желтоқсан «15» сағат «00» минутке дейін келесі мекенжай бойынша қабылдайды: Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы, 5, Әкімшілік-шаруашылық қызмет департаментінің ғимараты, Мемлекеттік сатып алу және материалдық-техникалық жабдықтау бөлімі.

6. «М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ бекітілген мүліктік жалдау (жалдау) мерзімі және жалдау ақысының мөлшері.

6.1. Мүліктік жалдау (жалға алу) мерзімі: 31.12.2025 жылға дейін (2025 оқу жылына).

6.2. Бір айға жалдау ақысы техникалық сипаттамада көрсетілген сомдан кем емес ҚҚС есебінсіз және қосымша коммуналдық қызметтер (электр қуаты, ыстық/суық су шығыны) есептегіштердің көрсеткіштері бойынша құрайды.

7. Үлгі шарт

Үлгі шарттың жобасы (хабарландыруға 2-қосымша).

8. Нысан мақсатына байланысты техникалық ерекшелік және жалға берудің өзге де шарттары, бизнес жоба (кезінде қажет болған жағдайда), болжамды инвестицияларды, объектінің бөлінетін және бөлінбейтін жақсартуларын жүргізу және т. б. (мысалы: жұмыс кестесі, өнімнің минималды ассортименті және т. б.)

Техникалық сипаттамада көрсетілген (хабарландыруға 1-қосымша).

9. Конкурса қатысу үшін қажетті құжаттар тізбесі

9.1. Конкурса қатысуға өтінімі бар мөрленген конверттің бет жағында әлеуетті Жалдаушы (Жалға алушы) төмендегілерді көрсетуі керек:

1. әлеуетті жалдаушының (жалға алушының) толық атауы және пошталық мекенжайы;
2. конкурсты ұйымдастырушының толық атауы және пошталық мекенжайы осы хабарландыруда көрсетілген ұқсас мәліметтерге сәйкес келуі қажет;
3. әлеуетті Жалдаушының (Жалға алушы) қатысуға өтінім берілетін конкурстың толық атауы.

9.2. Хабарландыруда белгіленген талаптар мен шарттарға сәйкес техникалық ерекшелікте көрсетілген мекенжай бойынша әлеуетті жалдаушының (жалға алушының) асханаға арналған үй-жайды жалға алу конкурсында Конкурса қатысуға өтінімі келісім білдіру нысаны болып табылады.

9.3. Конкурса қатысуға өтінімде:

1. мыналарды қамтитын байланыс деректері: атауы, заңды мекенжайы (зады тұлғалар үшін), жеке куәлігінің (паспортының) нөмірі, тегі, аты, әкесінің аты, тұрғылықты жері (жеке тұлғалар үшін), әлеуетті жалдаушының (жалға алушының) банк деректемелері;

2. жалға алу үшін болжанатын объектінің атауы, орналасқан жері, алаңы;
3. жалдау мақсаты;
4. жоспарланған жалдау мерзімі;
5. әлеуетті жалдаушының (жалға алушының) танысқандығын растау және мүліктік жалдаудың (жалға алудың) үлгілік шартының талаптарымен келісетіндігі туралы арнайы бланкіде хаттың түпнұсқасын ұсыну;
6. объектіні пайдалану үшін ұсынылатын жалдау ақысы;
7. әлеуетті Жалдаушы (Жалға алушы) ілеспе қызметтердің түрлерін нысан шеңберінде көрсететін болады;
8. болжалды инвестициялар, бизнес-жоба, бөлінетін және объектінің бөлінбейтін жақсартулары және т. б. техникалық спецификацияны және басқа да ұсыныстарды қамтиды;

9. өтінімге нотариат куәландырған көшірмелер немесе электрондық құжаттың келесі қағаз көшірмелері қоса беріледі:
заңды тұлғалар үшін - заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама, заңды тұлғаның тіркеу іс-әрекеттері туралы анықтама, жарғы, лицензия/рұқсат және/немесе техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қандай да бір қызметті жүзеге асыру құқығын растайтын басқа құжаттар;

жеке тұлғалар үшін - жеке тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (егер болған жағдайда) жеке басын куәландыратын құжат, мекенжай анықтамасы.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылардың тізілімін жүргізген жағдайда серіктестікке қатысушылар тізілімнен үзінді көшірменің нотариат куәландырған көшірмесі ұсынылады.

9.4. Конкурсқа қатысуға өтінімді хабарландыру көрсетілген өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін, әлеуетті жалдаушы жазбаша түрде, бірінші басшы немесе уәкілетті тұлға қол қойған және мөрмен бекітілген (ол болған кезде) мөрленген конвертте ұсынады.

10. Жалға берушінің (жалға алушының) жауапты тұлғасының байланыс деректері

Қосымша ақпарат пен анықтамаларды мына мекен-жайдан алуға болады: Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы 5, Әкімшілік-шаруашылық қызметі жөніндегі департаментінің ғимараты, Мемлекеттік сатып алу және материалдық-техникалық жабдықтау бөлімі.

11. Басқа ақпарат

Комиссия конкурс қорытындылары туралы ақпаратты, конкурсты өткізу туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей "М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" КеАҚ [www. auezov.edu.kz](http://www.auezov.edu.kz) интернет-ресурста орналастырады.

12. Конкурстық құжаттамаға қосымшалар:

1. Лоттар бойынша Техникалық сипаттама (1-АС, 2-АС, 3-АС, 4-АС, 5-АС, 6-АС, 7-АС, 8-АС, 9-АС, 10-АС, 11-АС);
2. Асханаға арналған үй-жайды жалға алу шартының жобасы.

Жалға беруші:

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ

Комиссия төрағасы _____ Ғ.Бесбаев